

Катонқарағай ауданы Өрел ауылдық округінің Өрел ауылында шектеу іс - шараларын белгілеу туралы

Күші жойған

Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай ауданы Өрел ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 5 маусымдағы № 1 шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 6 маусымда № 5994 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай ауданы Өрел ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 9 желтоқсандағы № 4 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Катонқарағай ауданы Өрел ауылдық округі әкімінің 09.12.2019 № 4 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін – өзі басқару туралы" Заңының 35 – бабының 2 – тармағына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10–1 бабының 7) тармақшасына, "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Катонқарағай аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі басшысының 2019 жылғы 23 мамырдағы № 59 ұсынысына сәйкес, Өрел ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Катонқарағай ауданы Өрел ауылдық округінің Өрел ауылындағы ірі қара мал арасында сарып ауруының пайда болуына байланысты шектеу іс – шаралары белгіленсін.

2. "Катонқарағай ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін жолданылуын;

3) осы шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Катонқарағай ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолданылуын;

4) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Катонқарағай ауданының әкімдігінің интернет – ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округ әкімі

Е. Көбешев